

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

2021 жылғы 23 желтоқсан

№: AIFC-C/CFI/2021/0013 ic

«МЕТАЛЛИНВЕСТАТЫРАУ» ЖШС

Талап қоюшы

«АҚСАЙСТРОЙ-2020» ЖШС-ға

Жауапкер

қарсы

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Соттың Судьясы:

Судья Том Монтагю-Смит QC

БҰЙРЫҚ

1. Жауапкердің кез келген банктердегі 22 186 710 теңгеден аспайтын сомада тұмшалануы тиіс шоттарын қоса, Қазақстан Республикасының аумағындағы өзінің кез келген активтеріне билік етуіне тыйым салынады.
2. Жауапкер оған осы бұйрық табыс етілгеннен кейін 14 күннің ішінде осы бұйрықтың күшін жою туралы өтініш бере алады.

ШЕШІМ

1. Талап қоюшы 2021 жылғы 24 қарашадағы төрелік шешімде («Шешім») көрсетілген қамтамасыз ету шарасын орындау туралы өтініш береді. Шешімді ХТО Төрелік және Медиация қағидаларына сәйкес жеке-дара төреші шығарды және оған қол қойды.
2. Шешімнің 43-тармағына сәйкес, төреші Талап қоюшыға Жауапкердің банк шоттарындағы 22 186 710 теңгеден аспайтын сомадағы кез келген ақшаны қоса, Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлкін тұмшалау түрінде қамтамасыз ету шарасын («Қамтамасыз ету шарасы») берді.
3. Қамтамасыз ету шарасы мынада болып табылады:

«Жауапкердің кез келген банктердегі жалпы алғанда 22 186 710 (жиырма екі миллион жүз сексен алты мың жеті жүз он) теңгеден аспайтын сомадағы шоттарын тұмшалауды қоса, Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген мүлкіне тыйым салу нысанында Қамтамасыз ету шарасы беріледі».
4. АХҚО-ның 2017 жылғы Төрелік Регламентінің 27 (3) бабында қамтамасыз ету шарасын мойындаудан немесе орындаудан бас тартуға болатын айрықша мән-жайлар жазылған. Бұл мән-жайлардың қайсыбірінің бар екендігі жөнінде маған мәлім емес.
5. АХҚО Соты Қағидаларының 27.31 бабында Қамтамасыз ету шарасын қолдану туралы өтініш берген тараптың өтініш Төрелік Сотының жазбаша рұқсатымен берілгенін растайтын дәлелдер ұсынуы талап етіледі.
6. Бұл жағдайда төреші бұл рұқсатты Шешімнің 43 (2) тармағында берді.
7. Осы мән-жайлар жағдайында мен бұл іс Қамтамасыз ету шарасын мәжбүрлі орындау үшін жарамды екеніне көзім жетеді. Мен Қамтамасыз ету шарасының тұжырымдамасын оны осы Соттың алдыңғы қаулысымен, соның ішінде «АХҚО әкімшілігі» АҚ «Onyx Heavy Machinery Ltd» ЖШС-на қарсы істегі Судья Сэр Робин Джейкобтың Бұйрығымен [2020] AIFC 0004 (23 шілде 2020 ж.) сәйкестікке келтіру үшін аздап түзетемін.
8. Мен Жауапкердің өтінішке қатысты позициясымен таныстырылған жоқпын. Бұл мән-жайларда мен Жауапкерге 14 күн уақыт беремін, осы уақыт ішінде олар, егер мұны істегілері келсе, осы Бұйрықтың күшін жою туралы өтініш бере алады.



Сот қабылдады,

Өкілдік ету:

Талап қоюшының өкілі

Ажғалиев Рахат мырза болды.

Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.